

тесную связь с меж предметными объединениями учителей и другими внешкольными организациями, совместно с ними проводят праздники, слеты.

7-8 классы.

Это активные члены школьного совета «Атамекен», принимают участие в творческой работе по всем направлениям программы. Дают общие разъяснения о направлениях программы «Атамекен» среди учащихся младших классов, оказывая им практическую помощь. В зависимости от возрастных особенностей принимают участие при проведении игры «Елимай», участвуют в сборе важных исторических данных и материалов по всем направлениям этнографической работы, проводят тематические вечера, праздники по различным направлениям. В школах и внешкольных организациях создают этнографические группы, объединения, организуют туристические походы, путешествия.

9-11 классы.

Группа школьников, играющая решающую роль в организациях программы «Атамекен» в школах. Они в тесной связи с межпредметными преподавателями и этнографическими объединениями, внешкольными учреждениями осуществляют руководство по всем направлениям программы «Атамекен». Создают условия для проведения национально-этнографической игры «Елимай» во всех классах. Руководят всеми ступенями игры, из своей среды выбирают жюри, берут в свои руки создание школьного национально-исторического музея, дают конкретные поручения всем этнографическим группам и объединениям, создают условия для их активного участия в работе музея. Особую роль в реализации программы «Атамекен» играет народная этнографическая игра «Елимай», которая проводится ежегодно. Каждое объединение и группы при школах и учреждениях выбирают себе помещение и оформляют их как казахские юрты. На видном месте вывешиваются названия, пояснения по всем направлениям. Следует особо отметить следующее: при проведении торжественных, традиционных праздников в части национального воспитания надо тщательно продумать сценарии ритуальных мероприятий которые оказывают особое влияние на общественность. Каждое направление программы «Атамекен», являясь важным педагогическим делом, требует дальнейшего полного научного исследования.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ- ӨНЕГЕЛІ, ОТАНСҮЙГІШ АЗАМАТ ЕТІП ТӘРБИЕЛЕУ**

***Ахметова Н.Е.***

*Н.Наушабаев атындағы Затобол орта мектебі*

XIX ғасырдың 60 жылдарында өмір кешкен қазақ халқының адал перзенті, ұлттық мақтанышы, аудармашы, қазақ педагогика ғылымының негізін салушы, сөз зергері, қоғам және мәдениет қайраткері Ыбырай Алтынсариннің есімі қоғамдық ой- пікірдің, төл мәдениетіміздің өркендеу тарихынан үлкен орын алады.

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқына өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Бүгінгі таңда, Ыбырай атамыз жайлы, оның шығармаларын дәріптеу жөнінде шаралар өткізіліп жатқанында, Алтынсариннің шығармаларымен «желкілдеп өскен көк шөптей» сусындап, нәр алғандығымнан бей-жай қалуды жөн көрмедім. Менің өз мамандығым әділдікті сақтау, құқықты қорғауға жақын болғандықтан болар, Алтынсариннің жазған өлеңдері мен шығармаларынан, өнер-білім, мектеп ашу сияқты ұлы істерден басқа үшінші бір қырынан қарастыруды дұрыс па деп ойладым. Байқап қарасам, Ы Алтынсарин шығармаларының қайсысы болмасын, баланы «нағыз адам» етіп тәрбиелеуге, өлең мазмұны әділдікке, адамгершілікке, кісілікке, талаптылыққа, өнерге, еңбекке, достыққа т.б. жақсы қасиеттерге арналады. Оның «мейірімді бала» әңгімесінде ежелгі Қытай жұртындағы ұрлық жасаған адамның қолын шабатын заң сөз болады. Осындай іспен қылмысты болып ұсталған әкесінің орнына жас қызының өз қолын кесуге келісім бергенін баяндау арқылы баланың әкеге деген мейірімділігін марапаттай отырып, баланы мейірімді, кішіпейіл, және жігерлі болуға тәрбиелейді. Ерік-жігер күшті бала батылдыққа, ерлікке, Отанын сүюге, қорғауға әрқашан да дайын болады. Отан отбасынан басталады, десек ендеше бала тәрбиелеуде бұл шығармалардың маңызы өте зор.

Сондай-ақ, «әділдік» деген шығармасынан қазының кедей-жарлыларды алалап, адамсынбай, олардың сөзіне құлақ ілмей әділетсіздік жасағаны жөнінде шебер бейнеленген. Бұл жерден, қазіргі көзқараспен қарасақ, адам құқының аяққа басылуына куә боласыз.

Тағы бір шығармасын алып көрелік, «Өтіріктің залалы» деп аталады.

Мұнда үш жігіттің күні-бойы құс аулап, жалғыз-ақ, шүрегей атып алып, кешке сөз байласып, кім жақсы түс көрсе, ұйықтап тұрған соң, үйректі сол жейді дей тұра бір құдың жасаған құлығы, өтірігі жөнінде, өз жолдастарын алдап түсіруі туралы, өтіріктің залалы жөнінде сөз қозғалады. Ендеше мұның өзі, бүгінгі қоғамдағы күнделікті кездесіп отырған, алдау- алаяқтыққа дәлме-дәл келіп отыр.

Айталық, «Үш ұры» тақырыбындағы шығармада қалаға келген бір сартты үш ұрының бірінен соң бірі кезектесіп, ақылдасып барып сатуға әкелген ешкісін, қолындағы есегін, үстіне киген әдемі киімін ұрлап алатындығына куә боласыз.

Ал енді біз өмір сүріп жатырған осы қоғамда, күнделікті өмірде, тіпті теледидар, газет-журнал бетін аша қалсаңыз, қасақана кісі өлтіру, ұрлау-тонау, талан-таражға салу т.б. қылмыс түрлері әлі жойыла қойған жоқ.

Сонда менің таң қалатыным: қаламгер, ақын-жазушыларымыздың адам баласына, келер ұрпаққа алдын-ала жаман қылықтардан аулақ болу үшін, мысал келтіре отырып, осындай құнды шығармаларды бізге мұра етіп қалдырғанымен оны түсініп, түйсігіне түюшілер әлі де аз ба дедім.

Ы.Алтынсариннің өлеңдеріне тоқталатын болсақ, «Азған елдің байлары»

*Азған елдің байлары,  
Ұлық тұтар басын-ай,  
Қайда дәулетті адам болса,  
Берер соған асын-ай.  
Көзін сүзіп бір көріп,  
Төгіп келсе жасын-ай.  
Бермек түгіл, бейшараны,  
Масқара қылса керек-ті.*

*Азған елдің адамына,  
Айтсаң тіліңді алмағай,  
Кетсе шарлап жия алмағай,  
Бір Тәңірден ұялмағай.  
«Бүгін тоба қылмайын,  
Ертең тоба қылайын.  
Қашан тоба қылғанымша,  
Үзіп-жұлқып алайын!» деп,  
Өлшеп берген өмірін  
Зая қылса керек-ті.*

Мұнша тамаша көріпкелдікпен жазылған шығарманы оқып, қалай таңданбасқа!

Біздің елімізде әлі күнге шейін, әкімсымақ, таққұмар, ешқандай қолынан іс келмесе де шіреніп, барынша көмейін кеңірек ашып, қайдан қымқырып жесем екен деп сыбайлас жемқорлықпен айналысып жүрген, бастықсымақ қандастармыз өкінішке орай әлі де таусылар емес. Алдына жөн сұрап, көмек сұрай барған адамға көзін сүзе қарап, бейшараны 99 қағаз жинатқызып ақырында есігінің маңына да жуымайтын етіп қоятын, мекемелеріміз де аз емес-ау!

Ал білім жағына келсек, ертедегі «оқыды» деп, өтірік куәлік беретін молда сияқты, бүгінгі біздің жоғарғы оқу орындарымызда да табақтай дипломды ақшаға сатып, өз нанын тауып жүрген аға-апаларымыз тағы бар.

Ендеше, бүгінгі жастарға айтарым: атамыздың өлеңінің әр шумағын оқудың әр жақты пайдасын айта отырып, ақынның өлеңінің соңғы жолдарын қайталауды жөн көрдім.

*Мал дәулеттің байлығы-  
Бір жұтасаң, жоқ болар.  
Оқымыстың байлығы-  
Күннен күнге көп болар,  
Еш жұтамақ жоқ болар.*

Сөйтіп, ақын, бір жағынан жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер-білімге, ғылымға, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтіндерге, көзқарастарына соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын байлық-білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

"Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш" әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. "Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа", – дейді.

"Атымтай жомарт" әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ болса да, Атымтай ылғи жұмыс істейді. "Күн сайын өз бейнетіммен, тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады", – дейді ол.

"Әке мен бала" әңгімесінде мынадай бір жай сөз болады.

"Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған бір ескі тағаны көріп, баласына айтты: "Анау тағаны, балам, ала жүр", – деп. Бала әкесіне: "Сынып қалған ескі тағаны не қылайын", – деді. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі кайырылып, тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан 3 тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, одан біраз өткен соң және бір шие, сонымен, бала әрбір шие тастаған жерге бір еңкейіп, шие теріп жеді. Ең соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып: "Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Бұдан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың", – деді.

Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, аз жұмысты қиынсынып, бойкүйездікке салынушылық өмірде аз кездеспейді. Бұл – жақсы әдет емес. Сондықтан балалардың бойкүйез, жалқау болмауына, еңбекқор болуына Ыбырай ерекше мән берген. "Бай баласы мен жарлы баласы" атты әңгімесінде Ыбырай еңбекке деген қоғамдық, таптық көзқарасты бейнелейді. Көшкен елдің жұртында қалған екі баланың бір тәулік ішінде басынан кешкендерін суреттеу арқылы сол балалардың өмір тануы, тіршілікке икемділігі жайлы мәселеге әлеуметтік мән береді.

Жазушының шығармаға жасы құрбы екі баланы алып, оларды бай мен кедейдің өкілі етіп суреттеуінің сыры да оның идеясынан айқын көрінеді. Жарлы баласы Үсен – тұрмыстың ауыртпалығын көре жүріп, ысылған еңбек адамы. Ауылдары көшіп кетіп, жұртта қалған екі баланың далада тамақ тауып жеуіне, ауылдың қалай қарай көшкенін аңғаруына, түнде далада түнегенде ит-құстан сақтануына Үсеннің тапқырлығы мен еңбекқұмарлығы себеп болады. Ал бай баласы Асан – өмір үшін күресудің жолын білмейтін, шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жан. Кісі еңбегімен күн көріп, бейқам болып өскен бай баласының басына күн туғандағы дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы келешек Үсендер жағында екенін аңғартады. Сөйтіп, жастарға өмірден еш нәрсе үйренбей, жалқау болып өскен бай баласындай болмай, қиыншылыққа төзімді, өнерге бейім, еңбек сүйгіш жарлы баласы Үсендей болып өсуді уағыздады.

Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсарин өзінің жеке меншігіне қарасты жерін Қостанай қаласынан ашылатын ауылшаруашылық училищесіне беруді өсиет етіп қалдырған екен.

Сонда Ыбырай Алтынсаринді қазақ даласында жалпы және кәсіптік білім берудің негізін қалаған ұлы ағартушы деп мақтаныш сезіммен айтуымызға әбден болады. Біздің бүгінгі өмір сүріп жатырған қоғамда, қос-қостан жер алып, оған керемет зәулім сарай тұрғызып, барынша елдің қаржысын жеп, мүмкіндіктерін пайдаланып қалып жүрген ағайындарымыз, атамыздың жолын қуып, қазақ балаларына бір балабақша немесе әдемі, заман талабына сай мектеп салғыздырып берсе, нұр үстіне нұр болар еді-ау, деген ойға қалдым.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тәрбиеқұралы 2004 №2 4-7 беттер.
2. А:Құнанбаев «Қара сөздері» Алматы, Жалын -1979.
3. «Отбасы және балабақша» 2005 – № 1, 15-16 бет.
4. «Тәрбие құралы» 2004 – № 3, 1-2 бет.
5. «Отбасы және балабақша» 2000 – № 4, 7-12 бет.
6. «Отбасы және балабақша» 2008 – № 3, 6-7 бет.
7. «Бастауыш мектеп» 2003 – № 7, 1-4 бет.
8. «Тәрбие құралы» 2004 – № 2, 4-6 бет.
9. «Отбасы және балабақша» 2001 – № 8, 9-12 бет.
10. Сетин Ф.И. орыс балалар әдебиетінің тарихы.1990.
11. Қазақ балалар әдебиетінің тарихы Ш.Ахметов –1976.
12. Қазақ фольклорының тарихы. А.Қоңыратбаев – 1986.